

Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып:

Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылында

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда 20 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады:

- 1) қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тіліне;
- 2) шет тіліне;
- 3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан басқа) негізінде жүзеге асырылады.

Ескертпе: «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 1-сыныпта сынып екі топқа бөлінбейді.

«Шет тілі» пәні 2022-2023 оқу жылы ҮОЖ сәйкес 2 сыныптарда оқытылады. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес 20 және одан да көп білім алушы болғанда:

- 1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы;
- 2) шетел тілдері;
- 3) көркем еңбек;
- 4) информатика екіге бөлініп оқытылады.

Ескертпе: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сыныпты екі топқа бөлу қазақ тілінде оқытпайтын барлық сыныптарда жүргізіледі. Бұл ретте жаратылыстану-математикалық бағыттағы 5-9-сыныптар мен 10-11-сыныптарда апталық сағаттық жүктеменің өзгеруімен топтарға бөлу сақталған. Мектептер оқу тіліне қарамастан, мектептен тыс және жалпы мектепшілік іс-шараларды негізінен қазақ тілінде ұйымдастырады.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сынып 20 оқушымен толтырылған, немесе одан да көп кезде екі топқа бөлінеді:

- 1) қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда;
- 3) шет тілі;
- 4) информатика.

Сыныпты екі топқа бөлуге 1-4 сыныптарында педагогикалық кеңес шешімі бойынша орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сыныпта 20 және одан да көп білім алушы болғанда барлық орыс тілінде оқытпайтын сыныптарда екіге бөлінді.

2023-2024 оқу жылында

1-11 кластарда жекелеген пәндерді оқытуда оқушыларды топқа бөлу «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына сәйкес оқушылар саны 20 және одан артық болған жағдайда жүргізіледі:

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

- 1) қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тіліне;
- 2) шет тіліне;
- 3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан басқа) негізінде жүзеге асырылады.

Ескертпе: «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 1-сыныпта сынып екі топқа бөлінбейді.

«Шет тілі» пәні 2023-2024 оқу жылы ҮОЖ сәйкес 2 сыныптарда оқытылады.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес 20 және одан да көп білім алушы болғанда:

- 1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы;
- 2) шетел тілдері;
- 3) көркем еңбек;

4) информатика екіге бөлініп оқытылады.

Ескертпе: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сыныпты екі топқа бөлу қазақ тілінде оқытпайтын барлық сыныптарда жүргізіледі. Бұл ретте жаратылыстану-математикалық бағыттағы 5-9-сыныптар мен 10-11-сыныптарда апталық сағаттық жүктеменің өзгеруімен топтарға бөлу сақталған. Мектептер оқу тіліне қарамастан, мектептен тыс және жалпы мектепшілік іс-шараларды негізінен қазақ тілінде ұйымдастырады.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сынып 20 оқушымен толтырылған, немесе одан да көп кезде екі топқа бөлінеді:

- 1) қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда;
- 2) шет тілі;
- 3) информатика.

Сыныпты екі топқа бөлуге 1-4 сыныптарында педагогикалық кеңес шешімі бойынша орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сыныпта 20 және одан да көп білім алушы болғанда барлық орыс тілінде оқытпайтын сыныптарда екіге бөлінді.

2024-2025 оқу жылында

1-11 кластарда жекелеген пәндерді оқытуда оқушыларды топқа бөлу «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына сәйкес оқушылар саны 20 және одан артық болған жағдайда жүргізіледі:

1) бастауыш білім беру деңгейінде:

- оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- оқыту мемлекеттік (қазақ) тілінде жүргізілетін сыныптарда орыс тілі бойынша бойынша;
- ағылшын тілі бойынша;

2) негізгі орта білім беру деңгейінде:

- оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша;
- оқыту мемлекеттік (қазақ) тілінде жүргізілетін сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша;
- ағылшын тілі бойынша;

- көркем еңбек бойынша (сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға);

- информатика бойынша;

3) жалпы орта білім беру деңгейінде:

- оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша;

- оқыту мемлекеттік (қазақ) тілінде жүргізілеті сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша;

- ағылшын тілі бойынша;

- информатика бойынша;